

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

**2023-2024 оқу жылындағы
«Өзін өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары**

Орындаған: Сапарова.А.Ж

Ақтөбе 2023-2024

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Өзін өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша іс шаралар уақытылы өткізіліп тұрды. Қыркүйек айында Мектеп парламентінің Президенті сайлауы өткізілді. Сайлаудың бірінші кезеңіне 6 үміткер қатысып жасырын дауыс беру арқылы мектеп президентті тағайындалды. Сайлау қорытындысы бойынша 66 пайыз дауысқа ие болып мектеп президентті лауазымына 10-сынып оқушысы Әбдібек Ақнұр тағайындалды.

Өзін өзі басқару ұйымының 8 фракция мүшелері сайланды. Оқушыларға Өзін өзі басқару ұйымының мақсат міндеттері толық түсіндірілді. Әр фракция мүшесі іс шаралар жоспарына арнайы папка жасады. Іс шара жоспарын фотоларын жинақтап отырады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты:

— қарым-қатынасты ізгіліктендіру; — ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау

Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің өзектілігі:

- оқушылар әрекетінің еріктілігі, жариялылығы, тең құқылығы;
- жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау;
- өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу;
- ұйымның өзге мүшелерінің пікіріне құлақ аса отырып ой бөлісу, өзгелер пікірін құрметтеуге төселдіру.

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:

- мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жауапкершілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалану;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының оңашаландырылуы және жалпыға бірдей тапсырыстарды жүзеге асырудағы тығыз байланыстылығы.

Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді.

Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде. Білім ұясын ізгіліктендіру мен жариялылықтың жүзеге асқандығының нәтижелі белгісі әрі шәкірттердің асыға күтетін күні

Қыркүйек айының 26 жұлдызы мектебіміздің «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау күні өткізілген болатын. Сайлауға 6 кандидат өз ұсыныстарын білдірді. Оқушылардың жасырын дауыс беруі арқылы

1. Табылды Асly-1%
2. Меңдібай Айым-3%
3. Әбдібек Ақнұр-66%
4. Молтшова Наргиз-60%
5. Өмірбек Кәусар-56%
6. Нағидолла Аксезім-54 %

Даустарға ие болып ең жоғары көрсеткіш көрсеткен 10 «ә» сынып оқушысы Әбдібек Ақнұр мектеп президенті лауазымына тағайындалды

Ал қалған сайлауға қатысушы кандидаттар өзін-өзі басқару ұйымының 9 фракциясының министрлері болып сайланды





Қазан айының 2-сі күні мектебіміздің “Арын еріктілері” еріктілер клубы мен өзін-өзі басқару ұйымымен қарттар күніне орай 82 жастағы жалғыз басты Тамара әжейді қарттар күнімен құттықтап ,қарттың көңіл- күйін сұрап,қол көмегіміз ұнап,ақ тілектерін білдірді




5-

қазан ұстазар күніне орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен таңғы шұғыла сәті өтті.Мектепке келген ұстаздарды гүл шоқтарымен қарсы алып көңіл күйлерін көтерген болатынбыз



Сонымен қатар мектептің ішкі ережесіне сәйкес 2023-2024 жылының қазан айының 5-і күні 9-11 сынып оқушыларының өзін-өзі басқару күні болып бекітілген болатын.Осы орайда мектеп парламенті арасында жиналыс жасалынып ұстаздарын орнында сабақ беретін дублерлар анықталған болатын. Мектепте ерекше атмосфера орнады, оқушылар бейджик пен ерекше галстук тағып, осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Бұл күн дублерларға дербестік, жауапкершілік, тапсырылған іске адал және шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берді.

Сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп директоры – Әбдібек Акнур (10"ә" сынып) және директорының орынбасарларының орнына фракция жетекшілері болды.



Ұстаз

– ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім- тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! 5-қазан күні "Ұстаз-мектептің жүрегі" атты мерекелік концерт өткізілді.



26-қазан күні "Алтын күз" мерекесіне орай бастауыш сыныптар арасында "SABANTOY fest" фестивалі ұйымдастырылды. Оқушылар жеміс-жидектерден тігілген костюмдерін киіп, өнерлерін ортаға салды. Нәтижесінде Бас жүлдені 3"Б" сыныбы "Асқабақтар" тобы иеленді. Барша атсалысқан ата-аналар, оқушылар, сынып жетекшілерге алғыс білдіреміз. Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, қамбаға толы егінін сыйласын



Сонымен қатар мектепшілік " Күзгі ретро бал " сайысы 5-7 сынып оқушылары арасында өткізілді. Байқау шарты бойынша қатысушылар сахнада өздерін таныстырып, одан кейін күзгі дақылдардан қолөнер, экибаналарына жарнама

жасай отырып, көпшілікке көрсетті. "Бас жүлдені" иеленген 7 сынып оқушылары Мамажонов Исламбек пен Марат Назерке иеленді,



Бастауыш сыныптар арасында өткен балалардың көптен күтетін мерекесі Жаңа жыл мерекесіне орыай өткізілген "Төрлет, жаңа жыл!" атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік шарада өз өнерлерін көрсеткен оқушыларға аяз ата мен ақшақардан сыйлықтар табыс етіліп, түрлі әуендерге би де биленді. Кештің көңілді өтуіне барынша барлық сыныптар белсенділікпен атсалысты.




Сонымен қатар Жаңа жыл мерекесіне орай ұстаздар арасында да "Маска шоу" атты сайыс өткізілді. Ұстаздарымыз өз өнерлерін ортаға салып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жаңа Жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, ой - мақсаттар жүзеге асатын, арман - үміттер ақталатын Жыл болсын деген тілектеміз.



Мектебімізде 15-ақпан күні «Досболlike: достық қолын ұсын» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға досқа деген адалдық, сыйластық, қайырымдылықты түсіндіру.



Қайырымдылық күні. Мақсаты: Ел бойынша жаппай өтетін мұндай іс-шаралар қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жанашырлық пен өзара қол ұшын беру құндылықтарын қалыптастыруға себепкер болады.



Наурыз айы — халықтық күнтізбедегі жылдың бас айы, көктемнің бірінші айы, ал қолданыстағы күнтізбе бойынша жылдың үшінші айы.

Наурыз айының басында күн жылып, қыс бойы жатқан жолдас қардың көбесін сөгетін алтын күрек жел еседі. Қар кеткен жерлерде көк шыға бастайды. Қар астынан қылтиып бәйшешек шығады. Жыл құстарының ішінде көктемнің хабаршысындай болып алдымен келетін сарбауыр көкала торғайды түстік жақтарда наурызск, наурыз торғай деп атайды.


Наурыз айының бастапқы күні яғни 1-наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту -парызым» атты мерекелік концерт өтті.



6-наурыз күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектебіміздің «Женгелер мектебі» 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Өнерлі қыз, өнегелі жеңге» атты сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Қазақ қыздарына тән инабаттылыққа, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.




14-наурыз күні Еліміз үшін Амал мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Мақсаты: Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.



15-наурыз – Қайырымдылық күні. Мақсаты: Ел бойынша жаппай өтетін мұндай іс-шаралар қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жанашырлық пен өзара қол ұшын беру құндылықтарын қалыптастыруға себепкер болады.



16-наурыз Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Мақсаты: Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты білу, құрметтеу, келесі ұрпаққа жеткізу болып табылады




Жылдағы дәстүр бойынша наурыз айында кездесетін аналар және арулар куніне байланысты Арын аруы -2024 байқауы өткізілген болатын.Сұлу да сымбатты аруларымыздың өнерлерін,білімділігін көрсететін бұл сайысымызга 8-10 сынып қыздары қатысқан болатын.Бас жүлдеге ие болған аруысыз-Тажғалиева Аружан



Мектебімізде 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні қарсаңында мерекелік шара атап өтілді.



17-сәуір күні мектебімізде «Жігіт сұлтаны-2024» байқауы өткізілді. 7 «Ә» сынып оқушысы Мамажонов Исламбек бас жүлдені иеленді



27-сәуір күні Геолог мәдениет үйінде «Бұрымды ару» қалалық арулар байқауында мәдениет министрі 10 «Б» сынып оқушысы Молтышова Наргиз қатысы

